"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 11 тамыздағы N 169-ө өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.30. N 383 өкімімен.

"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 сәуірдегі Заңын іске асыру мақсатында қоса беріліп отырған "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2003 жылғы 11 тамыздағы
N 169 өкімімен
бекітілген

**"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

---

Р/с| Нормативтік құқықтық кесімнің атауы |Орындалу | Орындалуға
N | | мерзімі | жауапты
| | | мемлекеттік
| | | орган

---

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай қаулыларының жобаларын әзірлеу және енгізу:
1. 1) мұнай өнімдерін өндіруді лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптарын бекіту туралы; 2003 ЭМРМ

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына мұнай өнімдерін өндіруді лицензиялау саласындағы уәкілетті органды айқындау бойынша толықтыру енгізу туралы. | жылғы 15 тамыз | |
| 2. | 1) мониторингті жүзеге асыруға қажетті мәліметтерді берудің нысандарын, ережесі мен мерзімдерін бекіту туралы; 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 қыркүйектегі N 962 және 2002 жылғы 9 қазандағы N 1102 қаулыларына мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті органның функцияларын орындау бойынша толықтырулар енгізу туралы. | 2003 жылғы 15 тамыз | ҚарМ |

---

Мынадай ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу және бекіту:

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3. | 1) мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы теңгерімін жасай отырып, бірыңғай дерекқорды жүргізу туралы; 2) декларацияны тапсырудың нысандарын, ережесі мен мерзімдерін бекіту туралы; 3) ілеспе жүкқұжаттарын ресімдеу ережесін бекіту туралы. | 2003 жылғы 15 тамыз | ҚарМ |
| 4. | мұнай өнімдерін өндірудің және (немесе) олардың айналымының көлемі туралы мәліметтерді және өзге де қажетті ақпаратты мемлекеттік органдардың бірыңғай дерекқорға ұсыну ережесі мен нысанын бекіту туралы. | 2003 жылғы 15 тамыз | ҚарМ ЭМРМ ИСМ ККМ КБА |
| 5. | 1) мұнай және (немесе) газ өндіретін ұйымдардың мұнай өнімдерін өндіру көлемдері мен шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын және басқа да шикізат көздерін жеткізуінің ең аз көлемдерін | 2003 жылғы 15 тамыз | ЭМРМ 2) тармақша ҚОҚМ-мен келісім |

бекіту туралы; бойынша

2) өндіріс паспортын толтыру нысаны мен ережесін бекіту туралы.

6. мұнай өнімдерін өндіру және сату көлемі туралы ақпаратты уәкілетті органға автоматтандырылған беруді қамтамасыз ететін есепке алудың бақылау аспаптарын қолдану жөніндегі ережелер мен талаптарды бекіту туралы. 2003 жылғы 15 тамыз ИСМ ҚарМ-мен келісім бойынша

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК